

ИНДЕР АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

Индербор кенті

№ 8

12.06.2024 жыл

Индербор кентінің оң жағалау бөлігінің егжей – тегжейлі жоспарлау жобасы туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383 – V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Индер аудандық қоғамдық кеңесінің мүшелері, аудандық мәслихат депутаттары күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Индербор кентінің оң жағалау бөлігінің егжей – тегжейлі жоспарлау жобасы туралы аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі басшысының уақытша міндетін атқарушы А.Габдуллиннің хабарламасы мақұлдансын.

2. Индер ауданының әкіміне (Д.Д.Шамұратов):

Индербор кентінің оң жағалау бөлігінің егжей – тегжейлі жоспарлау жобасындағы кейбір аймақтарының су басу қауіпі болуына байланысты, аудан әкімдігінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кентінің оң жағалауы бөлігінің егжей – тегжейлі жоспарлау жобасын бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу ұсынылсын.

3. Осы қарарда берілген ұсынымдардың орындалуына бақылау жасау және есептік мерзімге дейін кеңес хатшылығына ақпарат жолдау ұсынылсын.

Аудандық Қоғамдық
кеңестің төрағасы



А.Балахметов